

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 998 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 11, 129-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Лизингтік негізде ауыл шаруашылық техникасымен қамтамасыз етуге кредит беру және сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесінде:

1-тармақтағы "3276811000 (үш миллиард екі жүз жетпіс алты миллион сегіз жүз он бір мың)" деген сөздер "3776811000 (үш миллиард жеті жүз жетпіс алты миллион сегіз жүз он бір мың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылық өндірісіне кредит беру ережесінде:

1-тармақтағы "735000000 (жеті жүз отыз бес миллион)" деген сөздер "1446600000 (бір миллиард төрт жүз қырық алты миллион алты жүз мың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "Қарыз алушы мен Серіктестіктер арасында жасалған кредиттік шарттардың көшірмелерін қоса бере отырып," деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі